

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 23 қазан

ENPF ұялы қосымшасындағы Push-хабарлама туралы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) ENPF ұялы қосымшасына жаңа - Push-хабарлама қызметі енгізілді. Бұл экранға қалқып шығып отыратын қысқаша хабарлама. Ол ұялы қосымшаны пайдаланушыларға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының келіп түскендігін дер кезінде құлағдар етіп отырады.

Айта кетелік, ұялы қосымшаның жаңартылған нұсқасы жаңадан енгізілген push-хабарламадан басқа мынадай мүмкіндіктерге ие. Олар: болжамды зейнетақы калькуляторы, онлайн-бот және халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына өтініш жасауға мүмкіндік беретін қызметтер. Бұл ретте зейнетақы калькуляторы арқылы болашақ зейнетақыны есептеуге мүмкіндік берілсе, онлайн-бот арқылы жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуға болады.

Қордың ұялы қосымшасы әдеттегідей Google Play және App Store дүкендерінен тегін жүктеп алынады. Пайдаланушы ыңғайлы болуы үшін қосымшада қазақ немес орыс тілін таңдай алады.

Атап өту керек, жарналардың түскендігі бойынша push-хабарлама алып тұрғыңыз келсе телефоныңызға жүктелген ENPF ұялы қосымшасын ашып, «Баптау» бөліміне кірген соң, (push-хабарламаны қосу/өшіру) осы қызметті іске қоссаңыз болды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).